

«8D05301 – Химия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Малимбаева Замира Бакытжанқызының «Гидрометаллургияда празеодимді және неодимді алу технологиясының тәжірибелік негізі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына пікірі

Р/Н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Сәйкес келеді</p> <p>Диссертацияда зерттеу жұмыстары «Гидрометаллургияның өнеркәсіптік ерітінділерінен сирек жер металдарының иондарын топтық әдіспен бөліп алу технологиясын әзірлеу» (AP05131451, 2018–2020) және «Функционалды полимерлер мен молекулалық импринтингтің қашықтықтан өзара әрекеттесу әсеріне негізделген сирек кездесетін металдар иондарын алуудың инновациялық әдістерін әзірлеу» (AP08856668, 2020–2022) мемлекеттік гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында жүргізілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> / <u>қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> / <u>ашылмаған</u> .	Диссертациялық жұмыс гидрометаллургия саласында сирек жер металдарды бөлу және алу технологиясына айтарлықтай үлесін <u>косады</u> және осы тұрғыда 3.Б. Малимбаеваның диссертациялық жұмысында көтерілген мәселенің маңыздылығы толықтай <u>ашылған</u> .
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ізденушінің докторлық диссертацияны өзі жазу деңгейі жоғары . Диссертант сирек жер металдарының қолдану аясына және оларды бөлу әдістеріне байланысты әдеби деректерді жан-жақты талдап, жинақтаған. Сонымен қатар, жұмыстың эксперименттік бөлімін орындау, физика-химиялық әдістерді қолдану, алынған нәтижелерді талдау, қорытындылау және түсіндіру ізденушінің жеке ғылыми үлесіне тиесілі.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі сирек жер металдарының, әсіресе неодим мен празеодимнің, заманауи технологиялар мен жасыл энергетика саласындағы стратегиялық маңызының артуымен негізделген. Әлемдік сұраныстың тұрақты өсуі және Қазақстанның сирек жер металдарына бай

		<p>коры бұл зерттеуді ерекше маңызды етеді. Диссертацияда сирек жер металдарының өндірістік ерітінділерден сұрыпты бөліну мәселесінің өзектілігі гылими және экономикалық түрғыдан жан-жақты дәлелденген. Автор әлемдік тенденциялар мен отандық қажеттіліктерді ескере отырып, зерттеудің маңызын нақты көрсеткен.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындауды; 2) ішінара айқындауды; 3) айқындаамайды. 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы «Гидрометаллургияда прazeодимді және неодимді алу технологиясының тәжірибелік негізі» тақырыбын толық айқындауды. Әдеби шолуда сирек жер металдарын өндіру әдістеріне, интерполимерлік жүйелерге және молекулалық таңбалы полимерлерге қатысты мәліметтер берілген. Тәжірибелік бөлімде нақты прazeодим мен неодим иондарын бөлудің технологиялық негіздері зерттеліп, алынған нәтижелер талданған. Нәтижелер мен қорытынды бөлімдерде диссертация тақырыбының ғылыми және тәжірибелік мәні нақты ашылған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты – неодим және прazeодим иондарына жоғары селективті интерполимерлік жүйелер құру және олардың онтайлы сорбциялану шарттарын анықтау. Бұл мақсат зерттеу тақырыбының мазмұнына тікелей сәйкес келеді. Қойылған міндеттер – өнеркәсіптік иониттер мен гидрогельдердің электрохимиялық сипаттамаларын зерттеу, интерполимерлік жүйелерді синтездеу, олардың өзара белсендірілуін, сорбция және десорбция процестерін, металл иондарының таралу коэффициенттерін анықтау – барлығы нақты, құрылымды және мақсатқа жетуге бағытталған. Зерттеу барысында аталған міндеттердің барлығы толық орындалып, алынған нәтижелер тақырып шеңберінде жан-жақты талданған. Бұл жұмыстың мақсат пен міндеттер жүйесінің ғылыми бағытпен үйлесімді және тұтастығын дәлелдейді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>Диссертациялық жұмыс құрылымы жағынан кіріспеден бастап қорытындыға дейін логикалық бірізділікпен жазылған. Кіріспеде зерттеу өзектілігі, мақсаты мен міндеттері нақты тұжырымдалған, әдеби шолуда сирек жер металдарын өндірудің қазіргі әдістері мен полимерлік сорбенттердің ерекшеліктері кең көлемде қарастырылған. Тәжірибелік бөлімде интерполимерлік жүйелер дайындалып, олардың физика-химиялық қасиеттері зерттелген. Алынған нәтижелер жүйелі түрде талданып, әр бөлім алдыңғы бөлімнің логикалық жалғасы ретінде құрылған. Қорытынды бөлімде барлық зерттеу нәтижелері жинақталып, нақты тұжырымдар берілген. Осылайша, диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері толық байланысқан.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p>	<p>Автор ұсынған жаңа интерполимерлік жүйелердің сорбциялық және десорбциялық қасиеттері ғылыми әдебиеттерде белгілі жүйелермен салыстырылып, жан-жақты сыни талданған. Amberlite IR120-AB-17-8 және</p>

		<p>1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жок.</p>	<p>ПАҚ-П4ВП жүйелерінің неодим мен празеодим иондарына қатысты селективтілігі мен тиімділігі бұрынғы жүйелермен салыстырғанда жоғары екені дәлелденген. Сонымен қатар, псевдоматрица және молекулалық таңбалы полимерлердің колданылуу нәтижелері әдебиеттегі баламалармен салыстырылып, олардың ғылыми жаңалығы мен артықшылықтары нақты негізделген</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жана болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста алғынған ғылыми нәтижелер мен ұсынылған қагидаттар толықтай жаңа болып табылады. Диссертацияда алғаш рет өнеркәсіптік иониттер (КУ-2-8, АВ-17-8, Amberlite IR-120, Lewatit CNP LF) және полимерлі гидрогельдер (ПАҚ, ПМАҚ, П4ВП) негізінде неодим және празеодим иондарына жоғары селективті интерполимерлік жүйелер әзірленген. Бұл жүйелердің сорбциялық және десорбциялық қасиеттері төрт зерттеліп, олардың әртүрлі қатынастарда өзара әрекеттесу шарттары анықталған. Сонымен қатар, молекулалық таңбалы полимерлер мен псевдоматрицалардың синтезі жүргізіліп, олардың сирек жер металдары иондарын селективті түрде сіңіру қабілеті алғаш рет сипатталған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Алғаш рет әртүрлі қасиеттерге ие өнеркәсіптік ионалмастырыштар мен полимерлі гидрогельдер негізінде құрылған интерполимерлік жүйелер арқылы неодим және празеодим иондарының онтайлы сорбция процестері анықталды. Сонымен қатар, псевдоматрицалар мен молекулалық таңбалы полимерлердің синтездеу нәтижесінде олардың сирек жер металдарының иондарын селективті сіңіру қабілеті алғаш рет сипатталды.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа болып табылады, өйткені әлемдік практикада алғаш рет неодим мен празеодим иондарын сұрыпты бөлу және алу үшін жоғары сорбциялық қасиеттері және аталған иондарға қатысты жоғары селективтілігі бар өнеркәсіптік иониттер мен гидрогельдер негізінде жаңа полимерлік жүйелер әзірленіп, олардың сирек жер металдары иондарына қатысты онтайлы сорбция шарттары анықталған.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Зерттеу барысында заманауи физика-химиялық талдау әдістері (потенциометриялық титрлеу, фотоколориметрия, ИК-спектроскопия, термогравиметриялық талдау, электронды микроскопия және индуктивті байланысқан плазмалық атомды-эмиссиялық спектроскопия) қолданылған. Алынған нәтижелер тәжірибе деректерімен расталып, ғылыми тұжырымдар нақты дәлелденген.</p>

7.	<p>Корғауға шыгарылған негізгі ережелер</p> <p>Эрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p><u>2) жоқ;</u></p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p><u>2) жоқ;</u></p> <p>3) бұл тұжырымда жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><u>3) кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p><u>2) жоқ</u></p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.1 Диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі ғылыми ережелер толық дәлелденген, атап айтқанда:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жеке гидрогельдер (ПАҚ, ПМАҚ, П4ВП) мен өнеркәсіптік иониттердің (КУ-2-8, Amberlite IR120, AB-17-8) сулы ортада электрохимиялық және конформациялық өзгерістері зерттеліп, функционалдық топтардың модификациялану дәрежесі потенциометриялық титрлеу әдісі арқылы анықталған. - қышқылдық және негіздік қасиеттері бар иониттердің белгілі бір қатынастарында металл иондарының сорбциясының тиімділігі артқаны нақты тәжірибелік нәтижелермен расталған. - интерполимерлік жүйелердегі неодим және празеодим иондарына қатысты полимерлік тізбекті байланыстыру дәрежесінің максималды мәндері анықталған. - әртүрлі қасиеттерге ие гидрогельдер мен ионалмастырыштар негізінде құрылған интерполимерлік жүйелер арқылы Pr(III) және Nd(III) иондарын сұрыпты болу әдістері әзірленген және олардың таралу коэффициенттері есептелген. - ээтиленгликольдиметакрилат және диэтиленгликольдиметакрилат негізінде синтезделген псевдоматрицалар мен молекулалық таңбалы полимерлердің сирек жер металдарының иондарына қатысты сорбциялық қасиеттері анықталған. <p>Алынған нәтижелер pH-метрия, кондуктометрия, ИК-спектроскопия, термогравиметрия, SEM-EDS және атом-эмиссионды спектрлік талдау әдістері арқылы тәжірибелік тұргыда дәлелденген.</p> <p>7.2. Алынған нәтижелер өзекті және ғылыми жаңалыққа ие, сондықтан қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3. Зерттеу жұмысының нәтижелері жаңа болып табылады және ғылыми әдебиеттерде бұрын кездеспеген.</p> <p>7.4. Жұмыстың нәтижелері өнеркәсіптік қалдық ерітінділерден сирек жер металдары иондарын тиімді болу технологиясында қолданылуы мүмкін.</p> <p>7.5. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 12 басылымда жарияланған, оның ішінде: Web of Science және Scopus мәліметтер базасына енгізілген халықаралық ғылыми журналдарда 2 мақала (Chemistry and Chemical Technology, процентиль 33 және Polymers, процентиль 76), ҚР ФЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми конференцияларда 5 баяндама тезистері жарияланған.</p>
----	--	---

8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жок</u></p>	<p>Иә, диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған. Зерттеуде эксперименттік деректерді өңдеу үшін спектроскопиялық, термогравиметриялық және плазмалық-эмиссиялық талдау нәтижелерінің сандық мәліметтері компьютерлік өңдеуден өткізілген. Сонымен қатар, алынған деректер статистикалық өндөліп, ғылыми интерпретация жүргізілген.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жок</u></p> <p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жок</u></p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / <u>расталмаған</u>.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми әдістердің және компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған. Деректерді өңдеу және интерпретациялау үшін қазіргі заманы талдау құралдары мен бағдарламалық қамтамасыз ету пайдаланылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста теориялық корытындылар мен анықталған зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Интерполимерлік жүйелердің сорбциялық қасиеттері мен металл иондарын бөлу үрдістерінің өзара байланыстары тәжірибелік нәтижелер арқылы негізделген.</p> <p>Диссертациялық жұмыста барлық маңызды мәлімдемелер сенімді ғылыми дереккөздерге, заманауи ғылыми әдебиеттерге және патенттік ақпараттарға сілтемелер жасау арқылы расталған. Әдеби шолу бөлімінде және зерттеу нәтижелерін талдау барысында қолданылған әдебиеттер ғылыми негізділігімен ерекшеленеді.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>.</p>	<p>Иә, диссертациялық жұмыстағы пайдаланылған дереккөздердің тізімінде 150 ғылыми мақалалар мен әдебиеттер әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеу мәселелері бойынша заманауи ғылыми еңбектерге, халықаралық және отандық дереккөздерге негізделген кең қолемді әдеби шолу жасалған.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жок</u></p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Сирек жер металдары иондарының интерполимерлік жүйелер арқылы сорбциялану механизмдері мен олардың физика-химиялық өзара әрекеттесу ерекшеліктері алғаш рет ғылыми түргыда негізделген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар. Алынған нәтижелер өнеркәсіптік қалдық ерітінділерден неодим және празеодим иондары сияқты</p>

	<p>мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінara жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	сирек жер металдарын тиімді бөліп алу технологиясында қолданылуы мүмкін.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>Диссертациялық жұмыс бойынша бірнеше сұраптар мен ұсыныс бар:</p> <p>1. Диссертациялық жұмыста құрылған интерполимерлі жүйелердің сорбциялық тиімділігі жоғары екені көрсетілген. Дегенмен, өндірістік жағдайда оларды көп мәрте қолдану қажеттігі туындастынын ескере отырып, осы жүйелердің ұзакмерзімді химиялық және механикалық тұрақтылығы қаншалықты зерттелді? Автордан сорбция-десорбция циклдерінен кейінгі интерполимерлі жүйелердің қасиеттерінің өзгеру мүмкіндігі туралы қосымша түсініктеме беру сұралады.</p> <p>2. Жұмыста псевдоматрицалар мен молекулалық таңбалы полимерлердің сорбциялық қасиеттері зерттелген. Алайда олардың морфологиясы, торлану дәрежесі, беттік ауданы сияқты құрылымдық сипаттамалары туралы мәліметтер жеткіліксіз берілген. Осыған байланысты, автордан алғынған полимерлердің физика-химиялық құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты қосымша деректерді ұсыну мүмкіндігін қарастыру сұралады.</p> <p>3. Диссертациялық жұмыста сирек жер металдарының иондарының селективті бөлінуі зерттелген. Алайда өндірістік ерітінділерде жиі кездесетін бөгде иондардың (Fe^{3+}, Ca^{2+}, Al^{3+} және т.б.) болуының сорбция және селективтілік процесіне ықпалы толық ашылмаған. Осыған орай, автордан бөгде иондардың интерполимерлі жүйелердің тиімділігіне әсері туралы қосымша түсініктеме беру сұралады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері праzeugedim және неодим иондарын бөлу технологиясының ғылыми негіздерін жеткілікті түрде ашады. Дегенмен, жұмысты одан әрі жетілдіру үшін алғынған нәтижелердің өндірістік жағдайларда қолдану мүмкіндіктерін, атап айтканда интерполимерлік жүйелердің ұзак мерзімді тұрақтылығы мен технологияны масштабтау аспектілерін теренірек қарастыру ұсынылады.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу такырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында көргалған жағдайда ресми рецензенттер	Диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері 12 базылымда жарияланған. Web of Science және Scopus мәліметтер базасына енгізілген халықаралық ғылыми журналдарда 2 мақала (Chemistry and Chemical Technology, процентиль 33 және Polymers, процентиль 76), ҚР ЕЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми конференцияларда 5 баяндама тезистері жарияланған.

	докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зарделейді)	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)	Ізденушінің «Гидрометаллургияда прazeодимді және неодимді алу технологиясының тәжірибелік негізі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертацияның талаптарына толығымен сәйкес келеді және оның авторы Малимбаева Замира Бакытжанқызына «8D05301 – Химия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Химия кафедрасының профессор м.а., х.ғ.к.



Ж.К.Жатканбаева



